

**Жамбыл облыстық сотының "Қазақ КСР-нің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 280-бабының 2 бөлігін және 288-бабының 1 бөлігін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп тану туралы" өтініші туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулысы 1998 жылғы 5 маусымдағы N 3-2. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 2 нормативтік қаулысы

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Конституциялық Кеңесінің 17.04.2017 № 2 нормативтік қаулысы.**

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің Жамбыл облыстық сотының өтініші бойынша қабылданған Қазақ ССР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 280-бабының 2-бөлігін және 288-бабының 1-бөлігін Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес емес деп тану туралы қаулысын жолдап отырмыз.

Қосымша: Қаулының мәтіні 5 бет.

*Қазақстан Республикасы*

*Конституциялық Кеңесінің*

*Төрағасы*

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Конституциялық Кеңестің Төрағасы Ю.А.Ким және Кеңес мүшелері Н.И.Акуев, Ж.Д.Бұсырманов, О.Қ.Ысқанов, В.В.Мамонов, С.Ф.Темірболатов қатысқан құрамда, сарапшы - Қазақтың мемлекеттік заң университетінің кафедра меңгерушісі, заң ғылымының кандидаты А.А.Тарановтың қатысуымен, 1998 жылғы 5 маусымда өзінің ашық мәжілісінде Жамбыл облыстық сотының Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 280-бабының 2-бөлігін және 288-бабының 1-бөлігін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп тану туралы өтінішін қарады.

Баяндамашы - Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің мүшесі Н.И.Акуевтің хабарын, сарапшы А.А.Тарановтың сөзін тыңдай және осы өтініш жөніндегі қолда бар материалдармен таныса келе, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі ұйғарды:

1998 жылғы 15 маусымда Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне Жамбыл облыстық сотынан, оның төрағасы М.Р.Әбілқайыров Конституцияның 78-бабы бойынша енгізген, Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 280-бабының 2-бөлігін және 288-бабының 1-

бөлігін Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес емес деп тану туралы өтініш (ұсыныс) келіп түскен еді. Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 280-бабының 2-бөлігінде аудандық (қалалық) соттың (судьясының) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысы түпкілікті және заңда көрсетілген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша өндірістік тәртіппен арыздануға жатпайды делінген. Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 288-бабының 1-бөлігінде осы Кодекстің шектеулі тобы белгіленген, ал ол бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қабылданған судья қаулысын судьяның өзі прокурордың наразылығымен бұзуы немесе өзгертуі, сондай-ақ прокурордың наразылығы болмағандығына қарамастан оны жоғарыда тұрған соттың төрағасы бұзуы немесе өзгертуі мүмкін деп көрсетілген.

Жамбыл облыстық сотының Конституциялық Кеңеске өтініш білдіруіне Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 205-1-бабы бойынша қадағалау тәртібіндегі азамат Р.В.Лидің әкімшілік ісі негіз болған. Жамбыл облысының Қордай аудандық соты судьясының 1998 жылғы 27 ақпандағы қаулысымен азамат Р.В.Лиге заңсыз әкеле жатқан тауарын тәркілей отырып, айыппұл салу түріндегі әкімшілік жазасы қолданылған.

Жамбыл облыстық соты Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 280-бабының 2-бөлігін және 288-бабының 1-бөлігін конституциялық емес деп тану туралы өз өтінішінде судья қаулысына арыздану және наразылық білдіру құқығын шектейтін Кодекстің аталған нормасы әкімшілік жауапкершілігіне тартылған адамды Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабында оған берілген сотта өзін-өзі қорғау құқығын жүзеге асыру мүмкіншілігінен айырады деп негізделген.

Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 280-бабының 2-бөлігіне және 288-бабының 1-бөлігіне талдау жасай келе, Конституциялық Кеңес мыналарды ескерді:

Қазақстан Республикасының Конституциясында әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауына құқығы (2-тармақ 13-бап) бар делінген. Конституциялық бұл норманың мазмұны адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін және заңды бұзуға кеп тірейтін сот шешімдері мен әрекеттеріне арыздану құқығын білдіреді. Оған қоса сотта қорғану құқығы шектеуге жатпайтын конституциялық құқықтар қатарына (Конституцияның 39-бабының 3-тармағы) жатады. Сотта қорғану және көлем құқығын жүзеге асыру тәртібі іс жүргізу заңымен реттеледі.

Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 280-бабының 2-бөлігі конституциялық нормаға сәйкес келмейді, ал бұл норма бойынша әркімге сотта өзінің құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілдігі берілген.

Аудандық (қалалық) соттың (судьясының) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысы түпкілікті және арыздануға жатпайды деп тану әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөніндегі сот билігінің шегін аудандық (қалалық) сот шеңберінде шектейді және сот органдарының жүйесін және негізгі өкілеттіктерін белгілейтін Қазақстан Республикасы Конституциясының 75, 76-баптарына сәйкес келмейді.

Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 288-бабының 1-бөлігіндегі әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қабылданған судья қаулысын оның өзі прокурордың наразылығымен бұзуы немесе өзгертуі мүмкін деген осы Кодексте көрсетілген жеке баптардағы шектеу Қазақстан аумағындағы заңдар мен жарлықтардың, басқа да нормативті актілердің дәл және бірегей қолданылуына жоғары қадағалау қойылуын жүзеге асыруды прокурорға жүктейтін Конституцияның 83-бабының 1-тамағы нормасына өзгеріс әкелген. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 6 наурыздағы ресми түсіндіру ретіндегі қаулысында Конституцияның "прокуратура Республиканың Конституциясына және заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді" деген нормасы прокуратураға соттардың барлық істер бойынша шешімдері мен үкімдеріне және басқа да қаулыларына наразылық білдіру құқығын береді деп айқындалған.

Демек, Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 280-бабының 2-бөлігі және 288-бабының 1-бөлігі Қазақстан Республикасы Конституциясының бірсыпыра нормасының талаптарына қайшы келеді.

Айтылғандардың негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 2-тармағын, Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Жарлығының 33, 37, 38-баптарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 280-бабының 2-бөлігі және 288-бабының 1-бөлігі Қазақстан Республикасы

Конституциясының 13, 39, 75, 76 және 83-баптарына сәйкес емес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес бұл қаулы ол қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Республиканың барлық аумағында жалпы міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Жарлығының 38-бабының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген жағдайларды есепке алғанда түпкілікті және арыздануға атпайды.

Қазақстан Республикасы  
Конституциялық Кеңесінің  
Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК